

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

Қорытынды: Сонымен қорытындылай келе діни радикализм дегеніміз - діндегі шектен тыс көзқарастар мен іс-әрекеттерге бейімділік. Мұндай экстремизмнің негізін демагогиямен ұштасқан зорлық-зомбылық, шектен тыс қатыгездік және агрессия құрайды. Радикализм шығу тарихында көптеген қазіргі әлемдегі қалыптасқан қағидаларға протест ретінде қалыптасты. Әсіресе ислам бағытындағы радикалды топтардың шығуына қарайтын болсақ, барлығы дерлік артта қалушы елдерден немесе енді ғана дамушы елдерде пайда болғанын көреміз. Сондықтанда осындай топтарда отарлаушы державалардың билігіне деген өшпенділік, артта қалушы елдерге қатысты олардың күш көрсету әдістеріне деген жауап ретіндегі көңіл күй байқалады. Бұдан біз діни радикализмнің пайда болуында құқықты тапсатпаушылық, ішкі қарсылық, сондай-ақ жоғарыда айтып кеткеніміздей кінәні басқа жақтан іздеу жатқандығын көреміз. Сондай-ақ адам өміріндегі психологиялық немесе рухани, яки материалдық, әлеуметтік қиыншылықтар кезін де радикалды топтар жақсы пайдалана алады. Осылайша олар түрлі әдіс-тәсілдер арқылы адамдарды өз қатарына көптеп тартып жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Водовозов В. В. Радикализм и радикальная партия // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1899. — Т. XXVI. — С. 73—75.
2. Бороздин А. Н. Радикализм как социально-политический феномен // Политика и политические науки. — 2015.
3. Игнатенко, А.А. Ислам және саясат: мақалалар жинағы. - С. 102

УДК 21.15.47

ҚАСИЕТТІ ЖАЗБАЛАРДЫҢ АУДАРМАЛАРЫН ҚОЛДАНУ

Умиралиев Еркебулан Сеитжанұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 2-курс магистранты
Қазақстан, Астана

Аннотация:

Ежелден бері, әр дәуірде адамзаттың көп бөлігі белгілі бір дінге сеніп келгендігін тарих бетіне зер салған адам көре алады. Ол діндер өз заманында көптеген қоғам проблемаларын шешкенімен уақыт өте келе түрлі өзгеріске ұшырау салдарынан қоғамға кері әсерін де тигізіп жатты. Ал, көп жағдайда ол діндердің өзгеріске ұшаруына себеп болатын нәрсе тақырыбымызға себеп болып отырған қасиетті жазбалардың түп нұсқалары сақталмай, аудармалардың санқилылықтары болатын. Осы мақалада Құран Кәрімді басшылыққа ала отырып, қасиетті саналатын басқа да жазбалардың аудармаларына қаншалықты сүйенуге болатындығына немесе қандай мәселелерде сүйеніп, неден сақтану керектігіне тоқталдым.

Кіріспе:

Құран Кәрім – Исламның негізгі қайнар көзі және мұсылман өмірінің барлық саласында басшылыққа алынатын заңдар мен үкімдер жинағы іспетті. Ол Мұхаммед пайғамбарға VII-ғасырда араб тілінде түскен. Егер адам араб тілін білмесе, оның мазмұнын түсініп, нұсқауларын пайдалану үшін Құран аудармаларына сүйенеді. Дегенмен, осы тұста қасиетті Құран аудармаларынан құқықтық ережелер мен діни нұсқауларды алу мүмкіндігі туралы маңызды сұрақ туындайды: «Аудармалар ондағы деректер мен мағыналарды, құқықтық мәселелерді толық түсіну үшін жеткілікті бола алады ма?» Бұл сұраққа жауап берместен бұрын біз алдымен «аударма» деген ұғымның қысқаша анықтамасына тоқталсақ;

Негізгі бөлім: лингвисттердің аударманың дәлме-дәлділігі туралы көзқарастары

Әдетте аударма мәселесіне келгенде кейбір лингвисттер (кейде кейбір дін өкілдері) аудармашының қандай да бір мәтінді 100% (жүз пайыз) туралықта аударып алатындығын алға тартады. Мысалы М.П. Брандес пен В.И. Провоторовтың берген анықтамасы бойынша

«Аударма – тілдік делдалдықтың бір түрі. Оның нәтижесінде белгілі бір тілдегі түпнұсқадағы мәтін басқа бір тілге коммуникативті эквивалентті (тең дәрежелі) мәтін құру арқылы өтеді» яғни бұл мамандардың анықтамысынан «қандай да бір тілдегі мәтінді басқа тілге дәлме-дәл аударуға болады» деген түсінік шығады.

Иә, мен жалпы кейбір мәтіндердің, сондай ақ ауызекі сөздердің немесе кейбір диалогтардың толыққанды аударылатынына сенімдімін, бірақ бұл сенім мені «кез келген мәтіндердің оның ішінде күрделі ғылыми немесе әртүрлі үкімдер шығарылатын діни мәтіндердің жүз пайыз дәлдікпен қандай да бір тілге аударылады» деген ойға әкелмейді. Себебі лингвисттердің аударма жөнінде басқа да пікірлері бар. Мысалы:

Л. К. Латышев мынадай анықтама береді: *Аударма – тілдік делдалдықтың бір түрі, оның әлеуметтік мақсаты көмекші арқылы жүзеге асатын екітіларалық байланысты мүмкіндігінше толық және тиімді түрде кәдімгі біртіларалық байланысқа жақындату.*

Л.К. Латышевтің бұл анықтамасында екі сөз айрықша назарға түсуде.

Біріншісі: «көмекші арқылы» деген жері. Яғни аударма тек сөйлеу жолымен ғана емес, кейде мылқау адамдарға қатысты ымдап жеткізуді және т.б, тіпті кәзіргі таңдағы онлайн түрдегі «translate.google» сынды аударма құралдарын да қамтитындай көрінеді.

Ал, екіншісі: анықтамадағы «жақындату» деген сөз. Латышев бұл сөз арқылы аударманың 100% (жүз пайыз) дәлдікпен түпнұсқадағы мағынаны бере алмау ықтималдылығына назар аудартады.

Осыған ұқсас тағы бір лингвист маман В.Н. Комиссаровтың «аударма» ұғымына берген анықтамасына тоқталсақ, Комиссаров былай дейді: *«аударма – аудармашыдан жан-жақты білім мен біліктілікті лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың барлық жиынтығын ескере отырып, [аударылатын тілде] дұрыс [синонимге] таңдау жасай білуді талап ететін шығармашылық, ойлау әрекеті».*

Яғни аудармашының екі тілді жақсы білуі жеткіліксіз. Өйткені бір тілден белгілі бір сөзді аударған кезде ол сөздің көптеген синонимдері шығуы мүмкін. Осы кезде аудармашы қай синонимді таңдау керек екендігіне қалай шешім қабылдайды? Неге сүйенеді? Әрине бұл жағдайда оған жоғарыда анықтамада айтылғандай аударатын мағлұмат жөнінде толыққанды білім және біліктілік қажет. Мысалы бір медицинаға қатысты кітапты әдебиетші қаншалықты тілді жақсы білсе де өзі жалғыз аударып шыға алмайтындығы даусыз. Себебі сөздіктегі кейбір сөздердің белгілі бір саланың терминалогиясында түп мағынасынан өзгеше мағынасы болуы әбден мүмкін. Мұндай жағдайда аударманың сапасы аудармашының аталмыш саланы қаншалықты игергендігіне байланысты болады.

Осы тұрғыда аудармашының кездесуі мүмкін кейбір қиындықтарға тоқтала кетейік:

1. Мәтінмен (контекст): Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын дұрыс түсіндіру үшін аудармашыға мәтіннің контекстін білу маңызды. Бір мәтіннің контекстке байланысты әртүрлі аудармалары болуы мүмкін. Мысалы Хаж сүресіндегі «جاهدوا في الله حق جهاده» деген аяттың аудармасына қарайық. Бұл аяттағы «جاهد» сөзінің мағынасын алыс кетпестен қол жетімді Х. К. Барановтың сөздігіне қарасақ ол жерде екі мағынасы берілген. Бірі: «күш жұмсау, аяңбай барлық күшті сарп ету» мағынасында. Ал, екіншісі «күресу, соғысу» мағынасында келген. Аудармашы бұндай кезде екі мағынаны да жоғалтпайтын бір синонимді таңдауы мүмкін.

Мысалы: Халифа Алтайдың аудармасына қарайық: «Алла жолында шынайы түрде күресіңдер» делінген.

Ал, Асқар Әкімханов пен Нұрлан Анарбаевтің аудармаларында «Сондай-ақ, Алла жолында лайықты түрде һәм жандарыңды салып, аяңбай күресіңдер!» деп келген. Байқасақ екі аудармада да «күрес» сөзі алынған. Себебі күрес тек «соғысу» деген сөз емес, кейде нәпсімен күреске де айтылады. Ия, бұл аударма жұмысы болғандықтан екі аудармашының да аудармасы қате деуден аулақпын. Аударманың ерекшелігі сол, аудармашы өзіне ең дұрыс көрінген мағынаны таңдайды.

Бірақ бұл жерде ескерілуі керек екі жайт бар. Біріншісі: бұл сүренің аяттарының кейбірі Меккеде ал енді бірі Мединеде түскен. Бірақ ғұламалар аталмыш аяттың Меккеде түскендігін

айтады. Ал Меккеде мұсылмандар әлі соғысуға бұйырылмаған еді. Демек «аяттағы «جاهد» сөзімен соғыс меңзелмеген» деседі.

Екінші бір нәрсе бұл аяттың алдындағы аяттарға (яғни контекстке) қарайтын болсақ, ол жерде намаз сынды құлшылықтар туралы айтылып келген. «Уа, иман еткендер! Руқуғ жасаңдар, сәждеге бас қойыңдар, (сонымен қатар, басқа да құлшылықтарды атқарып) Раббыларыңа толыққанды құлшылық етіңдер және барлығы бастан-аяқ қайырлы болған діндеріңнің өзге үкімдерін де бұлжытпай орындандар! Міне, сонда мақсат-мұраттарыңа жетерсіңдер!» Яғни осыдан кейін келген 78-аяттағы «جاهدوا» сөзіне жоғарыдағы Х. К. Баранов сөздігіндегі «күресу» мен «күш жұмсау» деген екі мағынаның біріншісі яғни «күш жұмсау, аянбай барлық күшті сарп ету» сөздері жақынырақ келеді.

2. Көп мағыналылық: түпнұсқадағы көптеген сөздердің бірнеше синонимдері мен амонимдері болып жатады. Сол синонимдер мен амонимдердің көптігінен бір митіннен әр түрлі мағына шығады. Бір қызығы жазушы кейде шеберлігіне байланысты бір мәтіннен шығуы ықтимал бірнеше мағынаны бірдей, бір уақытта мақсат еткен болуы да мүмкін. Құран Кәрім қасиетті кітап саналғандықтан және оның аяттарынан үкімдер алынатындықтан оның әрбір сөзі, тіпті әрбір әріпі жіті зерттелуді талап етеді. Тәпсірдің ол түрін ғылымда «аналитикалық тәпсір» дейді. Мысалы: «Уақиға сүресінің (75,76,77) үш аятын алайық: «Жұлдыздардың орнына серт!(75) Біле білсеңдер, бұл, шынында да, өте үлкен серт.(76) Анығында, ол өте қасиетті Құран (77) 75-аяттың аудармасында аудармашылар бір сөзді толық тастап кеткен. Өйткені аяттың арапша нұсқасында «فَلَا أُقْسِمُ بِمَوَاقِعِ النُّجُومِ» деп келген. Аят басындағы «فَلَا» «фәләә» сөзі егер үтір арқылы яғни кідіріспен айтылса «әлбетте жоқ» деген мағынаны береді. Сонда осы аяттың алдында айтылған мәселені «әлбетте жоқ, олай емес» деп жоққа шығарып, артынан «Жұлдыздардың орнына серт!» деп ант беріп, Алла Тағала дұрысын өзі келесі аяттарда айтады.

Немесе «فَلَا» «фәләә» сөзі «болымсыздықты» білдіреді. Яғни «[керек болса] Жұлдыздардың орнымен де серт бермеймін» деген мағына шығады. Егер 75-аятты осылай аударатын болсақ жалпы үш аяттың мағынасы жалпақ тілмен айтқанда былай болады: «Бұл Құран Кәрім қасиетті. Оның қасиеттілігіне тіпті жұлдыздардың орнымен де серт бермеймін. [себебі] Біле білсеңдер, бұл, шынында да, өте үлкен серт». Яғни «оның қасиеттілігіне жұлдыздардың орнымен серт берер едім, алайда оның анықтығы сонша серт берудің де қажеті жоқ» деген мағынада. Енді осы екі мағына да арап тілінен шығып отыр. Сондай ақ аталмыш аяттарды осы екі мағынамен де тәпсірлеген ислам ғұламалары бар.

Тақырыптың ашылуы үшін 75-аяттың тағы бір сөзіне назарыңызды бұрғым келіп отыр. Жоғарыда «Жұлдыздар» деп аударылған «النُّجُومِ» сөзінің арап тіліндегі амониміне қарасақ, ол сөздің «бірнеше бөлікке бөлу» деген де мағынасы бар екен. Мысалы Ибн Аббастың бұл аятқа берген тәпсірінде «Алла Тағала бір неше бөлікке бөліне түскен құранның орнымен ант беруде» дейді. Яғни құранның қасиеттілігін оның халықтың басына келген жағдайларға байланысты бөліне -бөліне әр уақытта түсуімен түсіндіреді. Себебі кейде кейбір ұғымдар қолайлы уақытта айтылмаса адамдар тарапынан қабыл көрілмеді.

Жоғарыда айтқанымыздай бір аят кейде бір немесе бірнеше мағынаны қамтып, барлығын бір уақытта мақсат етуі мүмкін. Құранды айтпағанның өзінде бұндай әдіс шебер жазушылардың еңбегінен де кездесіп жатады. Алайда аудармашының әр түрлі мағынаны байқамау салдарынан, кейде аударып жатқан тілден тең дәрежедегі сөзді таба алмауынан немесе тексттен шығуы мүмкін белгілі бір мағынамен өзі келіспегендіктен аударма кезінде бұл көптүрлілік кейде жоғалып кетеді. (бұл адами фактор)

3. Грамматика және құрылым: Әр тілдің өзіне тән грамматикалық ережелері мен сөйлем құрылымдары болады. Аудармашы бұл айырмашылықтарды ескеруі керек. Мысалы арап тілі грамматикасында «حروف الجر» яғни «демеулік, көмекші әріптер» бар. Солардың ішіндегі «على» «аләә» әріпіне қысқаша тоқтайық. Мағынасы өте көп. Мысалы: кейде «ға, ге, қа, ке» деген жалғаудың мағынасын береді. Контекстке байланысты кейде «үшін» деген шылаудың да мағынасын береді. Ал, енді бірде «қарсы» деген мағынаны да тасиды.

Ал, енде осы мысалдардың ішіндегі «үшін» деген мағынаны әдетте араптар «ل» «ләм» әріпімен береді. Демек жалғыз «үшін» деген мағынаны екі түрлі көмекші әріптермен береді. Бір қызығы сол екі әріп сырт көзге бір мағына берсе де шынтуайтында олардың сөйлемге қосар мағынасында нәзік айырмашылық бар. Мысал ретінде мына аятқа қарасақ

«Өздеріне айтылған насихатты ескермей ұмыт қалдырғандарында, олар үшін барлық нәрсенің, бар ләззат пен нығметтің есігін айқара аштық». бұл аятқа бір қарағанда, одан насихат тыңдамайтын бұзық адамдар үшін дүние нығметінің есігі ашылатынын түсінеміз. бірақ олай болуы ақылға жат. Ал, егер біз осы аяттағы «үшін» деген шылауды аяттың арапша нұсқасындасында жоғарыда аталмыш екі көмекші әріптердің қайсысымен жеткізгенін көрсек мәселе анық болады. Арапша нұсқасында «على» «аләә» әріпі келген. Демек жоғарыда айтқанымыздай бұл көмекші әріптің «қарсы» деген мағынасы болатын. Сонда аяттан *«Өздеріне айтылған насихатты ескермей ұмыт қалдырғандарында, олардың (зияны) үшін барлық нәрсенің, бар ләззат пен нығметтің есігін айқара аштық»* деген мағына шығады. Бұдан қорытып айтарым аудармашы қай тілден аударса сол тілдің грамматикасының қыр сырын жетік білуі керек. Оны білу бір басқа, керек кезде жаңылмастан дұрыс қолдану кейде аудармашының қолынан келсе, кейде келмейді. Шатасу ықтималдылығы өте төмен болса да діни мәтіндердің аудармасына толық сенуге болмайды.

4. Идиомалар мен фразалар: Көптеген тілдерде сөзбе-сөз аударуға болмайтын бірегей идиомалар мен сөз тіркестері бар. Олардың баламаларын екінші тілден табуға болса да жүз де жүз мағынаны бере алмайтыны түсінікті. Айналып келегенде баламаны іздеп оны дұрыс табу аудармашының біліктілігіне қайтады. Аудармашы қаншалықты тәжірибелі болса да бірде дұрыс тапса, тағы бірде шатаспайтынына кепілдік жоқ. Себебі адам әр түрлі адами факторларға ұшырауы мүмкін.

5. Адами факторлар: Аударма сапасына өкінішке қарай аудармашының ішкі күйі де әсер етіп жатады. Мысалы аудармашының заманындағы саяси жағдайлар, немесе сол замандағы басым болған идеология немесе аудармашының тұрмыстық жағдайы, қорқыныш реніш т.б факторлардың барлығы аудармашының мұқияттылығына, объективтілігіне әсер етеуі мүмкін.

Қорытынды: жоғарыдағы жасалған зерттеулерге сүйеніп келесі нәтижелерді айтсақ болады:

1. Аударма жұмысында ауызекі сөздерді, сөйлемдерді диалогтарды толыққанды ой түсінісу деңгейінде аударуға болады.

2. Діни мәтіндерді немесе күрделі жазбаларды (100%) жүз пайыз дәлдікпен аудару өте қиын кейде мүмкін емес.

3. Құран кітабын немесе Таурат пен Інжіл кітаптарын да басқа тілдерге аударса болады. Алайда ол аудармалыр аталмыш кітаптардың мағынасының ашылу үшін қолданылатын құрал ретінде ғана қолданылады. Одан үкім шығаруға келмейді. Аудармалар түпнұсқаның орнына жүрмейді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Н.Анарбаев пен А.Әкімхановтың құран аудармасы
2. Х.Алтайдың құран аудармасы
3. Сенчук А.Н. _определение термина «перевод» в лингвистике
4. Ибн Аббас тәпсірі (тәнуируль-микбас)
5. <https://www.livelib.ru/author/169139-lev-latyshev>

УДК 21.15.47

ИСЛАМДАҒЫ ӘЙЕЛДІҢ РӨЛІ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Бейсенбай Райхан Жарқынбекқызы

beisenbay.raikhan@mail.ru